

0102 0117

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық  
портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін  
сенімгерлік басқару туралы 2022 жылғы 16 қарашадағы  
№17/25/16-11-22/п шарттың үлгі нысанына  
№4 Қосымша келісім**

Алматы қ.

№17/16/13-03-25/п «13» 03 2025 ж.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы, Алматы қаласы Әділет Департаментінің Бостандық аудандық әділет басқармасы берген, мемлекеттік қайта тіркеу туралы 22.08.2013 ж. №15242-1910-АО анықтама, бұдан әрі «Қор» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы **Жанат Бостанович Курманов** арқылы, бір тараптан

Инвестициялық портфельді басқарушы «**Halyk Finance**» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған 04.11.2016 ж. №3.2.229/7 лицензия, БСН 041140004401, бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы **Фархад Рашидович Охонов** арқылы екінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 2022 жылғы 16 қарашадағы №17/25/16-11-22/п шарттың үлгі нысанына (бұдан әрі – Шарт) осы №4 Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. Шарттың 14-тармағы келесі мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Тараптардың өзара келісімі бойынша және Қор, Басқарушы және кастодиан банк арасында жасалған кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банкке Шарттың 13-тармағының 20) және 21) тармақшаларында айқындалған міндеттемелерді орындауды тапсыруға құқылы.»


2. Шарттың барлық қалған талаптары өзгеріссіз қалады.

3. Қосымша келісім Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Қосымша келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 09.02.2025 жылдан бастап туындаған Тараптардың қатынастарына қолданылады.

5. Қосымша келісім Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан, бірдей заңды күші бар, мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей 2 (екі) данада жасалды. Қосымша келісімнің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Қосымша келісімнің орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.

**6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

<b>Қор</b>	<b>Басқарушы</b>
<p><b>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы</b>                      Алматы қ.,                      Самал-2 шағын ауданы,                      97-үй, 13 т.е.ү., Samal Towers БО                      БСН 971240002115                      БСК HSBKQZKX                      ЖСК KZ776010131000118840                      «Қазақстан Халық банкі» АҚ                      БЕК 15                      телефон: +7(727) 331-66-99</p> <p><b>Басқарма Төрағасы</b></p> <p> <b>Курманов Ж.Б.</b>                      (қолы) (ТАӘ)                      М.О.</p> 	<p><b>«Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы</b>                      Алматы қ.,                      Алмалы ауданы, Абай д-ы, 109 В,                      5-қабат                      БСН 041140004401                      ЖСК KZ896010131000168967                      «Қазақстан Халық банкі» АҚ                      БСК HSBKQZKX                      БЕК 15                      телефон: +7(727) 339-43-77</p> <p><b>Басқарма Төрағасы</b></p> <p> <b>Охонов Ф.Р.</b>                      (қолы) (ТАӘ)                      М.О.</p> 